

«БЕКІТЕМІН»
Сләмия Саттаров атындағы
мектеп-лицейінің директоры
Сейтімбетова К.Т.

2022-2023 оқу жылындағы «Балдәурен» жазғы лагерінің
19.06-30.06.2023 жыл аралығындағы жұмыс жоспары

Уақыты	Өткізілетін іс-шаралар	Жауаптылар
19.06.2023 жыл	<p style="text-align: center;">«Қайырлы күн, жас өрен!»</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қабылдау. 2. Бой жазу жаттығулары. 3. Лагердің ашылу салтанаты 4. Лагерь кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру 5. Қимыл қозғалыс ойындары 6. Ойын сауықтыру орталығы саяхат 	Лагерь басшысы, топ жетекшілері
20.06.2023 жыл	<p style="text-align: center;">«Қаламның көркем жерлері»</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қабылдау. 2. Бой жазу жаттығулары. 3. «Қарағандым – туған жерім» қаламыздың көрікті жерлерінде түскен фотосурет байқауы 4. Қимыл қозғалыс ойындары 5. «Экомұражайға» саяхат 	Лагерь басшысы, топ жетекшілері
21.06.2023 жыл	<p style="text-align: center;">«Менің сүйікті ертегі кейіпкерім»</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қабылдау. 2. Бой жазу жаттығулары. 3. «Сүйікті ертегі кейіпкерлерін» сахналау 4. Қимыл қозғалыс ойындары 5. Кинотеатрға саяхат 	Лагерь басшысы, топ жетекшілері
22.06.2023 жыл	<p style="text-align: center;">«Жануарлармен жақынырақ танысайық»</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қабылдау. 2. Бой жазу жаттығулары. 3. «Менің сүйікті жануарым» сурет байқауы 4. Қимыл қозғалыс ойындары 5. «Хайуанаттар бағына» саяхат 	Лагерь басшысы, топ жетекшілері
23.06.2023 жыл	<p style="text-align: center;">«Дос болайық бәріміз »</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қабылдау. 2. Бой жазу жаттығулары. 3. «Дос болайық бәріміз» флешмоб 4. Қимыл қозғалыс ойындары 5. Судағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. 6. «Жүзуді біз бастаймыз» бассейн 	Лагерь басшысы, топ жетекшілері

26.06.2023 ЖЫЛ	<p align="center">«Ізденпаз балақайлар»</p> <p align="center">1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3.«Біз бақытты баламыз» сурет салу (асфальта) 4.Қимыл қозғалыс ойындары 5. «Қазына іздейік» саябаққа саяхат</p>	<p align="center">Лагерь басшысы, топ жетекшілері Мектеп кітапханашысы</p>
27.06.2023 ЖЫЛ	<p align="center">«Ғажайыптар бағында»</p> <p align="center">1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3. «Гарри Поттер» бейнефильмінен үзінді 4. Қимыл қозғалыс ойындары 5. «Хогфорте - экспрессімен» ғажайыптарға саяхат</p>	<p align="center">Лагерь басшысы, топ жетекшілері</p>
28.06.2023 ЖЫЛ	<p align="center">«Кино әлемі»</p> <p align="center">1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3. «Егер мен оператор болсам» ойын 4. Қимыл қозғалыс ойындары 5. Кинотеатрға саяхат</p>	<p align="center">Лагерь басшысы, топ жетекшілері Мектеп психологы</p>
29.06.2023 ЖЫЛ	<p align="center">«Денсаулық – зор байлық»</p> <p align="center">1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3. Қимыл қозғалыс ойындары 4. Ойын сауықтыру орталығы 5. Судағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. 6. «Жүзуді біз бастаймыз» бассейн</p>	<p align="center">Лагерь басшысы, топ жетекшілері</p>
30.06.2023 ЖЫЛ	<p align="center">«Қош бол, Балдәурен!»</p> <p align="center">1.Қабылдау. 2.Бой жазу жаттығулары. 3.Қимыл қозғалыс ойындары 4. «Оқушылар және жасөспірімдер сарайына» саяхат 5.Лагердегі көңілді сәттер 6.Лагердің салтанатты жабылуы (II маусым)</p>	<p align="center">Лагерь басшысы, топ жетекшілері</p>

Тақырыбы: Досыма хат

Тобы: Буратино

Күні: 10.06.2021

Мақсаты: Достық, сыйластық туралы пікірлесе отырып оқушылар арасында сезім қалыптастыру.

Көрнекілігі: Маркер, сұраунама қиықшалары, сызбалар, түрлі түсті қағаз, қайшы.

Іс-шараның ұраны: “Дос көңілі – шарайна, сындырып алма, абайла”

I. Ұйымдастыру

1) Амандасу

2) Оқушылардың психологиялық дайындығына көңіл бөлу.

II. Оқушы аудиториясы не дейді?

Тақырыпты ашу сұрақтары.

1) “ Дос деген кім?” сауалына сызба арқылы жауап беру.

2) Достық дегенді қалай түсінеміз? (жауапты сурет арқылы бер. Әрбір оқушы өздері салған сурет бойынша түсіндіреді.)

3) Досың бар ма? Ол қандай?

4) Достық шынайы сезім бе, әлде жай ұғым ба?

5) Досыңыздың басына қиындық түсті, не істейсіз?

6) Достық жасқа байланысты ма?

7) Жақсы дос, жаман дос қандай болады?

8) Досыңды неге теңер едің?

9) Қыз бала мен ер баланың арасында достық бола ма?

10) Сіз үшін ең маңызды мәселе?

11) Менің достарым көп болу үшін не істеуім керек?

Достық

Әйтiмбет деген сөзге шешен кiсi болыпты. Бiрде оның замандастары:

- Достық нешеу? – деп сұрақ қояды. Сонда Әйтiмбет тұрып:

- Достықтың екі түрі болады. Бірі – адал достық, екіншісі – амал достық.

“Енді оны қалай ажырата аламыз” дегендерге:

- Адал достық өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өрісі қысқа болады, - деп жауап берген екен.

(Пікірлері тыңдалады.)

1) “Мен жақсы оқимын, қоғамдық жұмыстарға қатысып, әрдайым алғы шептен көрінуге тырысамын. Өз сыныбымыздағы бір баламен достастым. Бірде оның бір баланы ұруға қатысқанын білдім, білісімен онымен достықты үздім.”

2) “ Қалай өмір сүргенімді есіме алсам, ұяттан жерге кіріп кете жаздаймын... Сөйтіп жүргенде Жаннаны кездестірдім. Былай қарасаң қарапайым қыз, оған достасу туралы ұсыныс жасап едім, ол келісті. Достарым оны қалыпты іс деп бағалады, “ Атаманға кім қарсы келуші еді” деп есептеді. Жаннаның басынан біраз нәрсені өткеруіне тура келгенімен ол мені адам етті. Бұл хатымда мен бәлкім ештеңе айтпаған да шығармын, әйтсе де менің құрдастарымның кез-келгенінің адамды жөнге салу ісі қолдарынан келетіндігін айтқым келеді.”

- Бұл екі жағдай бір-біріне ұқсас. Бірақ қыздардың істеген істері бірдей емес. Осы екі үзінді жайлы қандай ой түйдіңіздер?

- “Жаманнан бойды аулық сал” дегендей, алғашқы қыздың дер кезінде достықты үзгені дұрыс та шығар, кәне кім не айтады, пікірімізді ортаға салайық. (Пікірталас кезі)

III. Жағдаяттан шығу. Екі дос арасындағы түсініспеушілікті бейнелейтін көріністі көрсету.

А) Оқушылар талқысына салу, шешім қабылдау. “Сиқырлы орындық” жаттығуы

Ә) Ортадағы орындыққа бір оқушы отырады. Қалғандары сол оқушының ұнамды жақтарын айтады.

Б) “Менің досым” тақырыбы бойынша әр оқушы өзінің досы жайлы айтады

IV. “Досыма көмек ” ойыны.

V. Сауалға жауап іздеу.

1) Біздің сынып қандай?

2) Сынып оқушылары арасында сыйластық, достық қатынас орнаған ба? Хат қоржын (Хаттарға жауап).

а) Мен досыммен балыққа кетіп барамын. Ата анамды әрі-бері күтіп, келмеген соң рұқсатсыз кете беруіме тура келді. Бармауға да болады, бірақ дос көңілін қимадым.

ә) Мен досымды қатты аяймын. Досым көз алдымда өзгеріп барады. Менен гөрі арақ пен темекіні дос тұтатын сияқты. Қанша түсіндірсем де ұғынатын емес. Мен бірінші рет дәрменсіздік дегеннің ауыр екендігін сезіндім.

б) Қандай қиянат жасадым десеңізші. Апамның сөмкесінен ақша ұрлау... Өттең, досым үшін ғой. Ауыр хал үстінде жатыр, дәріханаға қарай жүгіріп келемін.

Ән: Достарым менің (хормен)

IX. Қорытынды

Дос емес достың сөзін көтермесе,

Саған жердің түбінен жетем десе.

Не қылып дос атына қосылады,

Көтермей бір сөзінді бүйтем десе.

Нағыз дос бірін – бір жамандамас,

Араға көп өкпе сап табандамас,

Көңілі татулықтың шабандамас.

Жақсының әрбір сөзін қайырмаңыз,

Жасыған жездей болып мойымаңыз.

Сыр алмаған біреумен дос болам деп,

Сыр алған досыңыздан айрылмаңыз.

а) Достық, сыйластық туралы ұлы адамдардың айтқандары.

ә) Өздері қалаған адамына өз қолынан даярлаған сыйлығын тапсырады.

Тақырыбы: «Мамандық таңдау»

Тобы: Буратино

Күні: 15.06.2021

Сабактың мақсаты:

- Оқушылардың мамандық таңдауы туралы ойларын кеңейту, нығайту. Мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететіндей, мамандықтар түрлеріне мүдделерін арттыру.
- Оқушыны өз ойын айта алуға, эстетикалық талғамға, бүгінгі өмір талабына сай рухта тәрбиелеу
- Оқушының жүйелі ойлау қабілетін арттыру. Өз ойын айта алуын, өз пікірін қорғай алуын дамыту

Көрнекіліктер: интербелсенді такта, флипчарт

Барысы:

Жаңа ақпарат

Мамандық - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар. Статисттердің зерттеуі бойынша жыл сайын 25 млн адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 25 %- і қайтадан өз орнына қайтып оралады екен. Бұдан мамандықты таңдауда әр маман қателесіпті деуге бола ма? Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы - адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдау жасаған адам ғана жетістікке жетеді. Өзінің сұранысын, қызығушылығын жоймаған кең тараған мамандықтарға дәрігер, мұғалім және құрылысшы мамандықтарын атап өтуге болады.

Дәйексөз

«Егер мамандықты таңдап алуда сіздің жолыңыз болса және осы жолда өміріңізді сарп ететін болсаңыз, онда сіз бақытты болғаныңыз»

К. Д. Ушинский

Ж.Аймауытов “Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе” деген екен.

Өңгімелесу айдары

1. Сіз қандай маман болуды армандайсыз? Неліктен?
2. Сен ол мамандық туралы не білесің?
3. Мамандық таңдаудың себебі неде деп ойлайсыңдар?
4. Сенің мамандық таңдауыңа кім әсер етті?
5. Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындау керек деп ойлайсыз?
6. Мамандық таңдауыңа кім кеңес берді?
7. Адамның мамандық таңдауы оның әлеуметтік жағдайына әсер ете ме?
8. Қай уақытта адам өз еңбегінің жемісін көре алады?

«Қай мамандық лайықты?» ойыны.

Ойынның шарты бойынша бес саусақты қағазға бастырып, ортасын дәлдеп табады. Сол нүктеден әрбір саусаққа сызық жүгізеді. Сызықтың ұзындығына қарай лайықты мамандықты таңдай алады.

I саусақ- басқарушы

II саусақ-заңгер, қорғаушы, әскери адам

III саусақ- дін адамы, саясаткер, тарихшы

IV саусақ-өнерге бейім, архитектор, әнші, биші, суретші, дизайнер

V саусақ - дәрігер, шипагер

Психологиялық сәт: «Психогеометрия»

Оқушылар өзіне ұнаған геометриялық фигуралардың кез келгенін таңдауы тиіс. Әр фигура қандай да бір адам бойындағы қасиетті, қабілетті білдіреді. Әрқайсысымыз өзімізді танып көрелік.

Квадрат. Сенде төзімділік, шыдамдылық, еңбекқорлық дамыған. Өз айналаңа адамдарды жинап ұйымдастыру, реттеу және жүйелеу қабілетін баршылық. Сенен үздік администратор шығады, бірақ саған өзіннің кәсіптік мамандығынды менеджментпен байланыстырмауға ұсыныс айтамын. Трапеция. Сенде әсемдікті көре білу қабілетін жоғары қалыптасқан, сондай-ақ шығармашылық қабілетін, ой-өрісін дамыған. Сенде табиғи өткір ойлылық бар, өз айналана қабілетті адамдарды жинай аласың. Сені шаблондар, ережелер, нұсқаулар қызықтырмайды. Бастаған істі аяқтауға төзімділіктің жоқтығы бөгет жасайды.

Шеңбер. Сенде адамгершілік жоғары дамыған. Сен өз әріптесінді тыңдай аласың және оның қайғысы мен қуанышын бірге бөлісесің, басқаның ауарпатылығына жәрдемдесу қабілетін жоғары қалыптасқан. Саған жеке адамдар арасындағы кикілжіңдер тән емес, өзінді олардан аулақ ұстайсың және саған менеджмент саласындағы мамандықтар сәйкес келмейді. Сенен үздік психолог шығуы мүмкін.

Үшбұрыш. Саған басқарушылық қасиет тән. Өз көздеген мақсатына қол жеткізуге барлық мүмкіншілігіңді жасайсың. Өзіңе сенімдісің және жеңіске, жетістіктерге, ұтыстарға оңай қол жеткізесің. Айтқаныңнан шықпайсың, абыройлысың. Сен қоғамда, өмірде жоғары жетістіктерге қол жеткізесің, жұмысында жоғарыға көтерілуге бейімділігің бар. Саған менеджмент саласын меңгеру ұсынылады.

«Мамандықтар тізбегі» ойыны

Қазір барлығымыз шеңбер жасап, «мамандықтар тізбегін» құрамыз. Мен бір мамандықты айтамын, мысалы: металлург. Келесі оқушы осы мамандықпен қатысы, байланысы, ұқсастығы бар мамандықты атап олардың байланысын, ұқсастығын ажырата білу керек. Мысалы, металлург, аспазшы. Себебі екеуі де отпен, жоғары температурада, ыстық пештерде жұмыс істейді.

Қорытындылау

«Адам өз өмірінде екі нәрсені таңдауда қателеспейді керек: біреуі – жар таңдау, екіншісі – мамандық таңдау» деп М.Мақатаев айтқандай, мамандық таңдау – жасөспірім кездегі адам өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі. Бүгінгі тәрбие сағатымызға келген қонақтарымызға рахметімізді айта отырып, бұл сабағымыз оқушылардың болашақта өз қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес келетін мамандықты анықтауға, кейбіреулеріне өз таңдауларын жасауға үлкен септігі тиеді деп ойлаймын.

«Ұстазым» әнін орындайды.